

Қалалар географиясын оқытуда ChatGPT-ді қолданудың артықшылықтары мен мәселелерін объективті бағалау

М.К. Нурбаева¹, А.М. Сергеева^{*2}, А.С. Нургазина³, Г.Ж. Шумакова⁴

¹«М. Құсайынов атындағы Ақтөбе облыстық дарынды балаларға арналған мамандандырылған лицей-интернаты» КММ

Ақтөбе қ., Қазақстан Республикасы

²Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті

Ақтөбе қ., Қазақстан Республикасы

³І. Жансүгіров атындағы жетісу университеті

Талдықорған қ., Қазақстан Республикасы

⁴Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

Алматы қ., Қазақстан Республикасы

*sergeyeva.aigul@gmail.com



Аңдатпа. ChatGPT – ақпаратты жылдам жеткізе алатын және әртүрлі педагогикалық тәсілдерді қолдайтын құрал. Зерттеудің мақсаты география мұғалімдерінің пікірлерін ескере отырып, қалалар географиясын оқытуда ChatGPT қолдану мүмкіндіктері мен шектеулерін талдау. Негізгі зерттеу сұрақтары келесілерді қамтыды: ChatGPT-ті оқу үдерісіне енгізудің артықшылықтары мен қиындықтары; оны қолданудың оқушылардың академиялық адалдығына, сыни ойлауына және тәуелсіздігіне әсері, т.б. Зерттеу мақсатына жету үшін Қазақстанның бірнеше қалалары мен облыстарынан 306 география пәнінің мұғалімдеріне сауалнама жүргізілді және Ақтөбе облысындағы орта мектептердің 20 оқытушысына фокус-топ әдісі негізінде сұқбаттар алынды. Зерттеу нәтижелері ChatGPT ақпаратқа қол жеткізуді жеңілдететінін, білім беру кеңестерін қолдайтынын, тапсырмаларды жоспарлауға және жеке оқытуға көмектесетінін көрсетті. Дегенмен, академиялық тұтастыққа әсері, білім алушылардың дербестігінің төмендеуі, оқу материалдарын талдаудың жеткіліксіз тереңдігі, ескірген және дұрыс емес мәліметтерді беру қаупі сияқты айтарлықтай шектеулер де анықталды. Бұл құралды шамадан тыс пайдалану оқушылардың танымдық белсенділігін әлсіретіп, аналитикалық тапсырмалардың құндылығын төмендетіп, автоматтандырылған шешімдерге тәуелділікті тудыруы мүмкін. Қорытындыда қалалар географиясын оқытуда ChatGPT-ті тиімді пайдалану үшін цифрлық технологияларды дәстүрлі оқыту әдістерімен үйлестіру қажет екендігі баса айтылады. Оқушылар мен мұғалімдер арасында цифрлық сауаттылықты дамыту, ақпаратты сыни талдауға үйрету, жасанды интеллектті (ЖИ) оқу үдерісіне енгізу бойынша әдістемелік ұсыныстар әзірлеу үлкен маңызға ие.



Кілтті сөздер: жасанды интеллект, ChatGPT, цифрлік білім беру, қалалар географиясын оқыту, сыни тұрғыдан ойлау.



Қалай дәйексөз алуға болады / Как цитировать / How to cite: Нурбаева, М. К., Сергеева, А. М., Нургазина, А. С., Шумакова, Г. Ж. Қалалар географиясын оқытуда ChatGPT қолданудың артықшылықтары мен мәселелері [Мәтін] // «Білім-Образование» ғылыми-педагогикалық журналы. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2025. – №1. – Б. 98-111.

Кіріспе

Соңғы жылдары қала халқының саны

жылдам өсуіне байланысты урбандалу процестерін зерттеу өзекті болып саналады. Қалалар географиясын оқытуда

ChatGPT пайдалану, әсіресе оқытудың интерактивті аспектілері мен мұғалімге қолдау көрсетуде айтарлықтай әлеуетке ие. Дегенмен, тиімді жүзеге асыру үшін оның шектеулері, оның ішінде фактілердің дұрыстығын тексеру және теріс пайдаланудың алдын алу қажеттілігі ескерілуі маңызды. Көптеген зерттеулерде ChatGPT-ті оқыту тәжірибесіне біріктіру, осылайша ол оны алмастырушы емес, дағдыларды дамыту құралы болатындығы айтылады [1, 2]. Қарқынды урбандалу және білім беру үдерісін цифрландыру жағдайында ЖИ -ні қолдану жаңалық қана емес, қажеттілікке айналуға алады.

ChatGPT ақпараттың үлкен көлеміне қол жеткізуді қамтамасыз етіп, қалалардың географиялық орны, экономикалық ерекшеліктері, климаты, демографиялық деректері және тарихы туралы мәліметтер береді. Бұл жан-жақтылық тақырыпты терең түсіндіреді және қалаларды қоршаған әлеммен өзара әрекеттесу контекстінде зерттейді. Мысалы, Токионың орналасуын талдау арқылы білімалушылар оның географиялық орны, әлемдегі ең үлкен мегаполистердің біріне айналуына ықпалын түсіне алады.

ChatGPT оқу процесін әр білімалушының қажеттіліктеріне сәйкес бейімдейді. Әртүрлі дайындық деңгейлері бар мектеп оқушылары үшін ЖИ қалалар туралы негізгі ақпаратты да, урбандалуға, экономикаға немесе экологияға қатысты күрделі аналитикалық тапсырмаларды да ұсына алады. Бұл әдіс материалды тереңірек түсінуге ықпал етеді және жеке қабілеттерді дамытады. Білім беруде ЖИ пайдалану аналитикалық дағдыларды дамытуға көмектеседі. ChatGPT талдау мен ойлауды қажет ететін сұрақтар қояды [3, 4].

Қазіргі кезде қаланы тұрақты дамыту мәселелері бірінші орынға шығып отыр. ChatGPT көмегімен климаттың өзгеруінің мегаполистерге әсері, халықтың шамадан тыс көбею мәселесі немесе тұрақты қала жоспарлары сияқты тақырыптарды зерттеуге болады. Бұл білімалушылардың жаһандық проблемалар туралы түсінігін дамытады және оларды осы мәселелерді шешуге белсенді қатысуға дайындайды.

Жасанды интеллектті қолдану әртүрлі аймақтардағы, соның ішінде шалғайдағы және ауылдық жерлердегі білімалушыларға сапалы білім алуға жағдай жасайды. Бұл білім берудегі айырмашылықты азайтуға және барлығына тең мүмкіндіктерді қамтамасыз етуге жәрдемдеседі [5, 6].

ChatGPT қалалар географиясын оқытуда интеграциялау инновациялық технологиялар мен білім беру мақсаттарын біріктіретін өзекті бағыт. ЖИ пайдалану оқытуды интерактивті әрі қолжетімді етеді, аналитикалық дағдыларды дамытады және заманауи жаһандық мәселелерді түсінуге көмектеседі [7, 8]. Қоғамды цифрландыру жағдайында мұндай тәсілдер білім беру процесінің құрамдас бөлігіне айналып, болашақтың мәселелерін шешуге дайын жаңа ұрпақты қалыптастыру жолындағы маңызды қадамға айналуға [9, 10].

Қалалар географиясын оқытуда ЖИ қолдану бірқатар маңызды мүмкіндіктер ашды. Біріншіден, ЖИ технологиялары жекелендірілген оқытуды жүзеге асырады. Қазіргі заманғы ЖИ модельдері географиялық деректерді халық санынан – спутниктік суреттерге дейін лезде өңдейді және қажетті ақпаратты ыңғайлы түрде ұсынады. Бұл бүкіл әлемдегі қалалар туралы өзекті ақпаратты табуды және таңдауды жеңілдетеді. Оқытушылардың тәжірибесіне сәйкес, ChatGPT пайдалану сабақтарды дайындау және қала географиясы бойынша тапсырмаларды орындау кезінде ақпаратқа қол жеткізуді айтарлықтай жеңілдетеді. ЖИ алгоритмдері қалалар жайындағы мәліметтердегі жасырын заңдылықтар мен бағыттарды анықтап, оларды оқушылар үшін елестете алады. Спутниктік суреттерге негізделген нейрондық желілер қала құрылысының өсу динамикасын немесе жерді пайдаланудағы өзгерістерді көрсетеді, бұл оқушылардың кеңістіктік процестерді талдау қабілетін дамытады. Мұндай технологияларды оқытуға біріктіру оқушылардың аналитикалық ойлауын қалыптастыруға ықпал етеді. Оқушылар деректермен жұмыс істеуді, ЖИ -тен алынған ақпаратты сыни тұрғыдан бағалауды және анықталған фактілер негізінде қорытынды жасауды үйренеді.

ЖИ көмегімен урбандалу процестерін модельдеуге және виртуалды эксперименттер жүргізуге болады. Қала құрылысы саласында қазірдің өзінде көлік жүйесіндегі өзгерістерден бастап халықтың өсуіне дейінгі қалаларды дамытудың әртүрлі сценарийлерін имитациялау үшін ЖИ алгоритмдері қолданылуда [11, 12].

Аталған артықшылықтарға қарамастан, қалалардың географиясын оқытуда ЖИ интеграциясы үлкен қиындықтарды тудырады. Негізгі мәселелердің бірі – білімалушы жасанды интеллекттен дайын жауаптар алуға дағдыланған болса, онда ол ақпаратты өз бетінше іздеуге және мәселелерді шешуге деген ынтасын жоғалтуы мүмкін. Зерттеулер көрсеткендей, ChatGPT сияқты құралдарды шамадан тыс пайдалану оқушылардың талдау, дәлелдеу және сыни ойлау дағдыларын дамытуға теріс әсер етеді [13, 14]. Бұл жағдайда мұғалімнің міндеті – оқушылар жауаптарының пассивті тұтынушылары емес, оқу процесінің белсенді қатысушылары болатындай жасанды интеллектпен жұмыс жасау. Екінші маңызды мәселе – академиялық адалдық үшін тәуекелдер [15, 16].

Қазақстанда ЖИ-ні білім беру үдерістеріне енгізу стратегиялары белсенді түрде зерттелуде, бұл осы саланың маңыздылығын көрсетеді [17]. Отандық авторлар оқу тиімділігін арттыру, әр оқушыға жеке көзқарас, оқытудың жаңа, инновациялық әдістерін енгізу сияқты тиімділіктерді егжей-тегжейлі талдайды [18, 19]. Зерттеушілер жасанды интеллект білімалушыларға кері байланысты қамтамасыз ету, оқу материалдарын олардың жеке қажеттіліктеріне бейімдеу және мұғалімдерге оқушылармен мағыналы қарым-қатынасқа назар аударуға жағдай жасау арқылы білім беруде төңкеріс жасай алады деп санайды [20, 21].

Қалалар географиясын оқытуда ChatGPT сияқты генеративті ЖИ-ні пайдалану оқытудағы тәсілдерде төңкеріс жасауға және олардың тиімділігін арттыруда әлеуетті бағыт болып табылады. Бұл тақырыптың өзектілігі оқу үдерісін уақыт талабына бейімдеу қажеттілігімен және жаһандану жағдайында қалалық процестерді түсіну

маңыздылығының артуымен анықталады.

Зерттеу нысаны – қалалар географиясын оқытуда ChatGPT қолдану.

Зерттеу пәні – мұғалімдердің көзқарасы бойынша қала географиясының білім беру үдерісіндегі ChatGPT мүмкіндіктері мен шектеулері.

Зерттеудің мақсаты – қалалар географиясын оқытуда ChatGPT қолданудың артықшылықтары мен қиындықтарын объективті бағалау, оның оқу процесіне әсерін анықтау және оны оқу тәжірибесіне тиімді интеграциялау бойынша ұсыныстар беру.

Зерттеу міндеттері: Қалалар географиясын оқытуда ChatGPT қолданудың негізгі артықшылықтарын анықтау; Оқытушылар арасында жүргізілген сауалнамалар мен фокус-топтар негізінде география мұғалімдерінің ChatGPT қолдануына қатысты көзқарасын талдау; ChatGPT-ді қолданудың этикалық және әдістемелік аспектілерін, оның ішінде академиялық адалдық, цифрлық сауаттылық және білім беру бағдарламаларын ЖИ қолдануға бейімдеу мәселелерін зерттеу.

Материалдар мен әдістер

Қалалар географиясын оқытуда ChatGPT қолдану – бұл жаңа, аз зерттелген сала, ол оқуға кешенді көзқарасты қажет етеді. Сауалнамалар кең ауқымды деректерді жинауға көмектесіп, сұқбаттар ChatGPT-ді түсінуді тереңдетеді.

Қазіргі кезде ChatGPT сияқты жасанды интеллект құралдарын енгізу педагогтар арасында қызығушылық тудырды. Мұндай технологияларды қолданудың артықшылықтары мен проблемаларын объективті бағалау үшін сауалнамалық және фокус-топ зерттеу әдістері таңдалды. Бұл процесс мұғалімдердің көзқарасын көрсететін зерттеудің негізгі кезеңі болып табылады.

Мұғалімдердің ChatGPT-ге көзқарасын түсінудің бірінші қадамы сауалнама жүргі-


зу. Бұл әдіс респонденттерден мәліметтер жинау арқылы жүргізіледі. Осы тәсіл деректердің әртүрлілігін қамтамасыз етеді, бұл жалпылау үшін маңызды.

Сұқбат үш негізгі санат бойынша мұғалімдердің қабылдауын зерттеуге бағытталған: ChatGPT пайдаланудың артықшылықтары, кемшіліктері және тапсырмаларды орындауға әсері. Осы бағыттар бойынша деректерді жинау үшін негізгі сұрақтар әзірленді. Сұқбаттасудың негізгі сұрақтары: 1) ChatGPT енгізу арқылы оқу процесіне қандай ықтимал қауіптер туындауы мүмкін? 2) Қалаларды оқыту үдерісінде ChatGPT пайдаланудың қандай мүмкіндіктерін байқайсыз? 3) ChatGPT пайда болуына байланысты қалаларды оқытуда қандай тапсырмаларды қайта қарау немесе жою керек деп ойлайсыз? 4) ChatGPT оқу процесіне қалай оң немесе теріс әсер ететініне нақты мысалдар келтіре аласыз ба? 5) Білімалушылар қалалар географиясы тақырыптарын тереңірек түсіну үшін ChatGPT-ді қалай пайдалана алады? 6) ChatGPT қалалар жайында күрделі ұғымдарды визуализа-

циялауға және оларды түсінуді жеңілдетуге қалай көмектесе алады?

Сауалнама әсіресе тенденцияларды анықтау үшін пайдалы: мұғалімдер ЖИ-ні қаншалықты жиі пайдаланады, олар онымен қандай тапсырмаларды шешеді және қандай мәселелерге тап болады. Сонымен қатар, бұл тәжірибелі мұғалімдер мен жас мұғалімдер арасындағы тәсілдердегі негізгі айырмашылықтарды анықтайды.

Зерттеу ChatGPT-ті оқыту мен оқуда қолдануға қатаң шектеулер қоймаған білім беру ортасында жүргізілді. Зерттеу үшін орта білім беру география пәнінің мұғалімдері таңдап алынды, бұл олардың оқу-тәрбие үдерісінің шындығын терең білуге негізделеді. Деректер жинау 2024 жылдың қараша-желтоқсан айларында болды. Сауалнамаға Ақтөбе, Орал, Атырау, Қызылорда, Ақтау қалалары мен Ақтөбе, Батыс Қазақстан, Атырау, Маңғыстау, Қызылорда облыстары аудандарынан 306 география пәнінің мұғалімдері қатысты. Респонденттер туралы мәліметтер 1-суретте берілді.



а) Сауалнамаға қатысқан мұғалімдер жынысы;

ә) Сауалнамаға қатысқан мұғалімдер жасы

1-сурет. Респонденттердің жауаптарын іріктеу туралы толық ақпарат (N = 306)

Фокус-топ әдісі – топтық талқылау арқылы респонденттердің белгілі бір тобының пікірлері мен қабылдауларын талдауға бағытталған сапалы деректерді жинау әдісі. Осы зерттеудің бір бөлігі ретінде ChatGPT-ті оқу процесінде қолдану тәжірибесі бар немесе оны оқу үдерісіне енгізуге мүдделі география пәнінің мұғалімдері арасында фокус-топтар өткізілді.

Фокус-топтар бірнеше кезеңде ұйымдастырылды:

1. Респонденттердің іріктемесін анықтау. Зерттеуге Ақтөбе облысының мектептерінен 20 география пәнінің мұғалімі қатысты. Іріктемеге тәжірибелі мұғалімдер де (10 жылдан астам жұмыс өтілі бар) және жас мамандар да (10 жылдан аз жұмыс өтілі бар) алынды. Топтар кәсіби тәжірибе мен цифрлық технологияларды меңгеру деңгейін ескере отырып құрылды.
2. Талқылау сценарийін құрастыру. Фокус-топтарды өткізу үшін ChatGPT қолданудың әртүрлі аспектілерін қамтитын негізгі сұрақтар тізімі жасалды: ChatGPT ұсынған фактілер қалалар географиясы бойынша қазіргі ғылыми зерттеулер деректеріне сәйкес келе ме? ChatGPT қаладағы күрделі процестерді (жаһандану, джентрификация, қаланың дамуына климаттың әсері) қаншалықты түсіндіреді? ChatGPT урбандалу проблемаларын (мысалы, әлеуметтік теңсіздік, экологиялық проблемалар) бағалауда қаншалықты маңызды? Дайындық деңгейі әртүрлі оқушылар үшін түсініктемелер түсінікті ме? ChatGPT жасаған қала географиясы бойынша тапсырмалар, жаттығулар мен тесттер қаншалықты пайдалы? ChatGPT интерактивті тапсырмаларды (мысалы, жағдаяттық зерттеулер, картографи-

ялық деректерді талдау) жасай алады ма? ChatGPT қолдану оқушылардың сыни ойлауына әсер ете ме? ЖИ пайдаланумен байланысты академиялық адалдықтың ықтимал тәуекелдері қандай? Кемшіліктерін азайта отырып, ChatGPT-ті оқу үдерісіне қалай тиімді енгізуге болады?


3. Фокус-топтарды өткізу процесі. Талқылаулар бетпе-бет кездесу және онлайн сессия түрінде өтті. Сессия 60 минутқа дейін созылды.

Бұл сұрақтар ChatGPT құрастырған мәтіндердің сапасы мен мәнін жан-жақты бағалауға, оның қалалар географиясын оқытудағы күшті және әлсіз жақтарын анықтауға, оқу үдерісінде тиімді пайдалану бойынша ұсыныстарды тұжырымдауға көмектеседі.

Зерттеу нәтижелері орта мектеп мұғалімдерімен жүргізілген сұқбатқа негізделген. ChatGPT пайдаланудың артықшылықтары мен кемшіліктері туралы сұраққа респонденттерден академиялық тұрғыдан жауап беру сұралды. Мұғалімдердің бағалауында біржақтылық байқалмады.

Нәтижелер мен талқылаулар

Мұғалімдердің 15%-ы бұл технология бойынша тәжірибелері жеткіліксіз екенін атап өтті. Оқытушылардың жауаптары бойынша сабақты түрлендіріп өткізуде сауалдарға оқушылар тез жауап беретіндігі (290), қашықтан оқытуда көмектесетіні (300) анықталды. Заманауи білім беру технологиялары оқыту мүмкіндіктерін айтарлықтай кеңейтіп, оны интерактивті, қолжетімді және тиімді етеді. Бұл құрал мұғалімдер мен білімалушыларға урбандалу мен қалалардың ерекшеліктерін оқытуда маңызды екендігін мұғалімдер сауалнамада көрсетті. Сауалнама қорытындыларын 2-суреттен көруге болады.



2-сурет. ChatGPT пайдаланудың қалалар географиясын оқытудағы ерекшеліктері (сауалнама нәтижелері негізінде құрастырылған)

Сауалнама нәтижесі бойынша қалалар географиясын оқытуда ChatGPT қолданудың негізгі артықшылықтары:

1. ChatGPT қалалардың географиясы, мәдениеті, тарихы және экономикасы туралы ақпарат беретін «бір терезе» анықтамалығы ретінде әрекет ете алады. Білімалушылар қала ерекшеліктеріне, халық тығыздығына, көлік жүйелеріне немесе қалалардың табиғи жағдайларына қатысты сұрақтарға бірден жауап ала алады. Бұл әртүрлі ірі қалаларды зерттеу кезінде пайдалы, өйткені деректер жылдам табылады және оны салыстыруға болады;
2. ChatGPT-ді пайдалану оқу процесін серпінді етеді. Білімалушылар жүйемен сұрақтар қою, қалаларға виртуалды турлар жасау немесе әлемдегі ең ірі мегаполис аудандары арқылы маршрут картасын әзірлеу сияқты тапсырмаларды орындайды;
3. Жасанды интеллект материалдарды оқушылардың дайындық деңгейіне және қызығушылықтарына қарай бейімдейді. Мысалы, қаланың экологиялық мәселелеріне қызығушылық танытқан білімалушы Сингапур немесе Копенгаген сияқты мегаполистердегі жасыл бастамалар туралы ақпарат алады. Бұл тақырыпқа терең


енуді қамтамасыз етеді және оқуға саналы қызығушылықты қалыптастырады;

4. ChatGPT сыни тұрғыдан ойлауды дамытады. Оның көмегімен білімалушылар деректерді талдай алады, нақтылайтын сұрақтар қояды және өз қорытындыларын жасайды. Мысалы, әртүрлі қалалардың экономикалық және әлеуметтік аспектілерін зерттей отырып, олардың даму немесе құлдырау себептерін талқылайды. Бұл талдау және зерттеу дағдыларын дамытуға көмектеседі;
5. Мұғалімдер үшін ChatGPT материалды дайындау уақытын үнемдейтін қуатты құралға айналуға. Жүйе көрсетілген параметрлерге негізделген презентацияларды, сынақтарды, тапсырмалар немесе жағдайларды жасайды. Сонымен қатар, ChatGPT қалалық трендтерді талқылау немесе футуристік қалалардағы өмірді модельдеу секілді әдеттен тыс сабақтарға арналған идеяларды ұсына алады;
6. ChatGPT-ді нақты өмірлік жағдайларды модельдеу үшін пайдалануға болады. Мысалы, білімалушылар қала құрылысы модельдеулерімен

жұмыс істей отырып, қаланы жобалайды. Бұл білімалушыларға алған білімдерін практикада қолдануға көмектеседі;

7. Қашықтан оқытуда ChatGPT сияқты сандық құралдарды пайдалану тиімді. Білімалушылар жүйемен кез-келген уақытта қосымша материалдар мен кеңестер алады.

Зерттеу білім беру ортасында ChatGPT пайдаланумен байланысты бірнеше негізгі кемшіліктерді анықтады. Оқытушылар бұл технологияның оқу үдерісіне, білімалушылардың біліктілігін арттыруға және академиялық адалдыққа әсері туралы алаңдаушылықтарын да білдірді. Мұғалімдер қалалар географиясын оқытуда ChatGPT қолданудың кемшіліктерін де анықтады. Айқын артықшылықтарға қарамастан, ChatGPT-ді пайдаланудың мәселелері де бар. Кемшіліктер мен тәуекелдерді азайту және оқу үдерісінің сапасын сақтау үшін ескеру қажет мәселелер де бар. Оқытушылар білімалушылардың барлығы бірдей қалалар географиясын оқытуда ChatGPT-ді сапалы қолдана қолдана алмайтындығын баса айтты. Білімалушылардың басым бөлігіне берілген тапсырмаларға тез жауап алатындығы ұнайды, осылай білім алуға немқұрайлы қарау басты мәселеге айналып отыр (3-сурет).



3-сурет. Қалалар географиясын оқытуда ChatGPT қолданудың кемшіліктері (сауалнама нәтижелері негізінде құрастырылған)

Қалалар географиясын оқытуда ChatGPT қолданудың проблемалары:

1. ChatGPT-тің негізгі проблемаларының бірі – оның шектеулі білімі және жергілікті контекстті есепке алу қабілетсіздігі. Қала географиясы көбінесе жекелеген қалалардың қалалық ерекшеліктері, олардың инфрақұрылымы, мәдени және әлеуметтік аспектілері сияқты нақты деректерді талдауды қажет етеді. ChatGPT жалпылама ақпаратқа сүйенеді, ол шындықты бұрмалауы немесе белгілі бір қаланың бірегей ерекшеліктерін ескермейді. Мысалы,

қаланың көлік жүйесін талқылағанда, ChatGPT стандартты шешімдерді ұсына алады, бірақ Амстердамдағы велосипед жолдары немесе Лос-Анджелестегі күрделі тас жол желілері сияқты бірегей тасымалдау үлгілерін есепке алмайды. Бұл шектеу жергілікті ерекшеліктерді терең талдауды қажет ететін мәселелерді зерттеу кезінде оның тиімділігін төмендетеді;

2. ChatGPT белгілі бір уақытқа дейін қол жетімді ақпаратпен жұмыс істейді және жаңартылған деректерге қол жеткізе алмайды. Нәтижесінде ол,

- әсіресе урбандалу, құрылыс, демографиялық өзгерістер немесе қалалардағы экологиялық жағдай сияқты тез өзгереді салаларда ескірген ақпаратты ұсынады. Мысалы, егер білімалушылар белгілі бір қаланың қазіргі жағдайы мен инфрақұрылымының дамуын зерттейтін болса, ChatGPT соңғы жылдары орын алған өзгерістерді есепке алмауы мүмкін. Қазір мектепте қалалар проблемаларын зерттеу мен оқытуда жергілікті жерді немесе өзі тұратын қаланы қарастыруға тапсырмалар беріледі. Жергілікті жер туралы мәліметтер өте аз қамтылған;
3. Тағы бір кемшілік – оқушылардың сыни тұрғыдан ойлау қабілетінің төмендеуі. ChatGPT алдын ала орнатылған жауаптарды ұсынады, бұл ақпаратты пассивті қабылдауға әкелуі мүмкін. Деректерді талдаудың, өз қорытындыларын жасаудың немесе балама көзқарастарды зерттеудің орнына, білімалушылар білімнің абсолютті көзі ретінде ЖИ-ге сене алады. Бұл ақпаратты терең талдауды және күрделі шешімдерді әзірлеуді қажет ететін қалалар географиясы саласында қауіпті;
 4. Күрделі тақырыптарды түсіндіруде қиындықтар тудырады. Қалалар географиясы – экономиканы, әлеуметтануды, экологияны, көлік жүйелерін және басқа аспектілерді қамтитын пәнаралық ғылым. ChatGPT күрделі сұрақтарды кең аудиторияға түсінікті ету үшін жиі жеңілдетеді. Алайда мұндай жеңілдету тақырыптың мәнін бұрмалауға әкеледі. Мысалы, джентрификацияның қаланың әлеуметтік құрылымына әсерін түсіндірген кезде, ChatGPT тұрғын үй бағасының өсуі сияқты кең аспектілерге назар аударады, бірақ байырғы тұрғындардың қоныс аударуы мен аудандардың мәдени ерекшелігіндегі өзгерістерді қоса, тереңірек салдарын аша алмайды;
 5. ChatGPT пайдалану да маңызды этикалық мәселелерді тудырады. Плагиат мәселесімен күрес туындайды, өйткені білімалушылар үй тапсырмаларын орындау үшін дайын ЖИ жауаптарын пайдалана алады. Бұл академиялық адалдықты бұзып қана қоймайды, сонымен қатар аналитикалық және сыни ойлау дағдыларын дамытуға кедергі келтіреді. Егер ChatGPT білім көзі ретінде белсенді түрде қолданылса, мұғалім оқу үдерісінде орталық тұлға болып қала ала ма деген сұрақ туындайды;
 6. ChatGPT тұрақты интернетке қосылуды қажет етеді, кейбір аймақтарда интернет желісі әлсіз жұмыс жасайды. Сонымен қатар, ЖИ-мен жұмыс істеу сандық сауаттылығы жеткіліксіз мұғалімдер мен білімалушылар үшін қиын.
- Фокус-топтар қорытындысы бойынша жиналған деректерді талдау мұғалімдердің ChatGPT туралы қабылдауының бірнеше негізгі аспектілерін анықтады:
1. Мұғалімдер қалалар географиясын оқытуда ChatGPT қолданудың оң аспектілері ретінде ақпаратты іздеуді автоматтандыру деп санады. Оқытушылар ChatGPT қалалар географиясы бойынша үлкен дерекқорлар мен анықтамалық материалдарға қол жеткізуді жеңілдететінін айтты. Сондай-ақ оқытуды даралауда оқу материалын оқушылардың дайындық деңгейіне қарай бейімдеу мүмкіндігі, ChatGPT қалалық процестерді модельдеу, картаға түсіру тапсырмаларын жасау және статистикалық деректерді талдауда, онлайн курстар мен оқушылардың өзіндік жұмысын ұйымдастыру үшін пайдалы екендігі баса назарға алынды.
 2. ChatGPT пайдаланудың шектеулері мен қиындықтары ретінде ақпараттың сапасы мен сенімділігі, жергілікті контексттің болмауы, яғни ЖИ моделі тым жалпы ақпаратты бере отырып, қалалардың аймақтық ерекшеліктерін дұрыс түсіндіре бермейді, академиялық әділетсіздік қаупі, сын тұрғысынан ойлаудың төменде-

уін келтірді.

3. ChatGPT-ті оқу үрдісінде тиімді пайдалану бойынша ұсыныстар: біріктірілген тәсіл, яғни ChatGPT білімнің негізгі көзі ретінде емес, қолдау құралы ретінде пайдаланылуы маңызды, білім беру процесінде ЖИ қолдануды реттейтін мұғалімдерге арналған нұсқаулықтарды әзірлеу керек.

Қалалар географиясын оқытуда бірнеше мәселелерді қамтитын сұрақтарға баса назар аудару қажет. Мысалы, жағдаяттық тапсырмаларды орындауда білімалушылар ChatGPT-ді тиімді пайдалана алады. Жаңа қаланы немесе қаланың жаңа аудандарын жоспарлау, көлік кептелісінің мәселелерін, қаланың экологиялық жағдайын шешу секілді жобалар жасау жасанды интеллект мүмкіндіктеріне негізделген жағдайда білімалушылардың сыни тұрғыдан ойлау қабілеттері дамыды. Осындай мысалдарды кез-келген әлемнің ірі қалалары мысалында талдауға болады. Картограммалар мен ChatGPT-дің көмегімен Венеция, Санкт-Петербург, Амстердам қалаларындағы ғимараттардың ерекшеліктері, геосаяси, экономикалық-географиялық орны, туризмдегі маңызын саралау тапсырмасын орындау білімалушылардың іскерлік дағдыларын да қалыптастырады.

Орта мектеп мұғалімдерінің негізгі алаңдаушылықтары – зерттеу дағдыларын жоғалту, технологияға тәуелділік және білімалушылардың дербестігінің төмендеуі. Бұл ретте мұғалімдер стандартты қысқаша мазмұндау, сауал қою орнына білімалушыларға қалалар географиясының мазмұнына негізделген қорытындылары бар ауызша талқылау ұсынады. ChatGPT пайдалану кезінде мұғалімдер оқу процесінен алып тастау керек деп есептеген тапсырма – графикалық сызбалар. Тақырып бойынша білімнің көрнекі графикалық көріністерін жасауды қамтитын тапсырмаларды ChatGPT-мен жеңіл орындайды, бұл білімалушыларға қажетті тәуелсіз күш-жігерді азайтады. Күмән туғызатын тапсырманың бірі – эссе жазу. Эссе білімді бекітудің маңызды құралы болып табылады, өйткені ол тақырыпты

зерттеуді, талдауды, түсіндіруді және бағалауды қажет етеді. Дегенмен, мұғалімдер ChatGPT мұндай мәтіндерді автоматты түрде жасауға қабілетті екенін атап өтеді, бұл оқушылардың сыни ойлауы мен талдау дағдыларын дамытуға кедергі келтіреді деп санайды. Мұғалімдер ChatGPT пайдалану кезінде білім беру мәнін жоғалтуы мүмкін дәстүрлі тапсырмаларды қайта қарау қажеттігін атап өтеді.

Қорытынды

Зерттеу ChatGPT пайдаланудың артықшылықтарын, кемшіліктерін және негізгі білім берудегі мектеп тапсырмаларына әсерін қарастырды. Нәтижелер жасанды интеллект технологиясының айтарлықтай әлеуеті бар екенін және бірте-бірте білім беру ортасына кіріктіріліп жатқанын көрсетті. Модельдің интерактивті мүмкіндіктері оқушылардың сыни ойлауын, талдау дағдыларын және шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпал ететін оқытудың инновациялық әдістерін енгізеді. Мұндай технологияларды пайдалану күрделі қалалық процестерді модельдеуге, нақты жағдайларды саралауға және заманауи қалалық проблемаларды талдауға мүмкіндік береді.

ChatGPT білімалушыларға қалалар географиясы ұғымдарын тереңірек түсінуде жеке көмекші, сонымен қатар мұғалімдерге материалдарды, тапсырмаларды және интерактивті дәрістерді құруды жеңілдететін құрал ретінде әрекет ете алады. Маңызды артықшылығы – ChatGPT-тің әртүрлі деңгейдегі білімалушыларға қолжетімділігі және бейімделуі, бұл оқытуды инклюзивті етеді. Дегенмен, жасанды интеллектті білім беру мақсатында пайдаланудағы сыни көзқарастың маңыздылығын ескеру қажет. Үлгі ұсынған ақпарат ғылыми дәлдікті қамтамасыз ету үшін тексеруді және толықтыруды керек етеді. Сонымен қатар, деректерді қорғау және білімалушыларға технологияны дұрыс пайдалануды үйрету сияқты этикалық мәселелер де ескерілуі керек.

ChatGPT қалалар географиясын оқытудың көптеген мүмкіндіктерін ұсынса да, оны

пайдалану бірқатар елеулі кемшіліктермен бірге келеді. Шектеулі деректер, жергілікті контексттің жоқтығы, ескірген ақпарат қаупі және сыни ойлаудың төмендеуі мұғалімдер мен білімалушылар алдында тұрған қиындықтардың бір бөлігі ғана. Бұл тәуекелдерді болдырмау үшін ChatGPT дәстүрлі оқыту әдістерін алмастырмай, толықтыратын қолдау құралы ретінде пайдаланылуы керек. Тек дұрыс көзқараспен оны оқу үдерісіне енгізу технологиялық инновациялар мен сапалы білім арасындағы тепе-теңдікті сақтай отырып, барынша пайда әкеледі.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. **Adeshola, I.** The opportunities and challenges of ChatGPT in education [Текст] / A. P. Adepoju // *Interactive Learning Environments*. – 2024. – Т. 32. – № 10. – P. 6159-6172. <https://doi.org/10.1080/10494820.2023.2253858>
2. **Memarian, B.** ChatGPT in education: Methods, potentials, and limitations [Текст] / T. Doleck // *Computers in Human Behavior: Artificial Humans*. – 2023. – Т. 1. – № 2. – P. 100022. <https://doi.org/10.1016/j.chbah.2023.100022>
3. **Rahman, M.M.** ChatGPT for education and research: Opportunities, threats, and strategies [Текст] / Y. Watanobe // *Applied sciences*. – 2023. – Т. 13. – № 9. – P. 5783.
4. **Hao, Y.** The application and challenges of ChatGPT in educational transformation: New demands for teachers' roles [Текст] // *Heliyon*. – 2024. – Т. 10. – № 2. – P. e24289. <https://doi.org/10.1016/j.heliyon.2024.e24289>
5. **Li, L.** ChatGPT in education: A discourse analysis of worries and concerns on social media [Текст] / Z. Ma, L. Fan, S. Lee, H. Yu, L. Hemphill // *Education and Information Technologies*. – 2024. – Т. 29. – № 9. – P. 10729-10762. <https://doi.org/10.1007/s10639-023-12256-9>
6. **Гаркуша, Н.С.** Педагогические возможности ChatGPT для развития когнитивной активности студентов [Текст] / Ю. С. Городова // *Профессиональное образование и рынок труда*. – 2023. – Т. 11. – № 1 (52). – С. 6-23.
7. **Duha, M.S.U.** ChatGPT in education: an opportunity or a challenge for the future? [Текст] // *TechTrends*. – 2023. – Т. 67. – № 3. – P. 402-403. <https://doi.org/10.1007/s11528-023-00844-y>
8. **Chang, C.H.** The rise of generative artificial intelligence (AI) language models-challenges and opportunities for geographical and environmental education [Текст] / G. Kidman // *International Research in Geographical and Environmental Education*. – 2023. – Т. 32. – № 2. – С. 85-89. <https://doi.org/10.1080/10382046.2023.2194036>
9. **Iqbal, N.** Exploring teachers' attitudes towards using ChatGPT [Текст] / H. Ahmed, K. A. Azhar // *Global Journal for Management and Administrative Sciences*. – 2022. – Т. 3. – № 4. – P. 97-111. <https://doi.org/10.46568/gjmas.v3i4.163>
10. **Grassini, S.** Shaping the future of education: Exploring the potential and consequences of AI and ChatGPT in educational settings [Текст] // *Education sciences*. – 2023. – Т. 13. – № 7. – P. 692. <https://doi.org/10.3390/educsci13070692>
11. **Alshahrani, A.** The impact of ChatGPT on blended learning: Current trends and future research directions [Текст] // *International Journal of Data and Network Science*. – 2023. – Т. 7. – № 4. – P. 2029-2040. <https://doi.org/10.52677/ijdns.2023.6.010>
12. **Wilby, R.L.** AI literacy in geographic education and research: Capabilities, caveats, and criticality [Текст] / Esson J. // *The Geographical Journal*. – 2024. – Т. 190. – № 1. – С. e12548. <https://doi.org/10.1111/geoj.12548>
13. **Karaman, M.R.** Are Lesson Plans Created by ChatGPT More Effective? An Experimental Study [Текст] // *International Journal of Technology in Education*. – 2024. – Т. 7. – № 1. – P. 107-127. <https://doi.org/10.46328/ijte.607> [Google Scholar]
14. **Batista, J.** Generative AI and higher education: Trends, challenges, and future directions from a systematic literature review [Текст] / A. Mesquita, G. Carnaz // *Information*. – 2024. – Т. 15. – № 11. – P. 676. <https://doi.org/10.3390/info15110676>
15. **Капустина, Л.В.** ChatGPT и образование: вечное противостояние или возможное сотрудничество? [Текст] / Ю. Д. Ермакова, Т. В. Калужная // *Концепт*. – 2023. – № 10. – С. 119-132.
16. **Константинова, Л.В.** Генеративный искусственный интеллект в образовании: дискуссии и прогнозы [Текст] / В. В. Ворожихин, А. М. Петров, Е. С. Титова, Д. А. Штыхно // *Открытое образование*. – 2023. – Т. 27. – № 2. – С. 36-48.
17. **Каратаева, Т.** Роль учителя как ментора в смешанном обучении младших школьников с интеграцией CHATGPT [Текст] / Г. Аспанова, Э. Баженова // *Вестник КазНУ. Серия педагогическая*. – 2024. – Т. 81. – № 4. – С. 97-108.
18. **Измагамбетова, Р.** ChatGPT интеграциясы: білім беру қосымшасына жан-жақты шолу [Текст] // «Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым Академиясы» хабаршысы, Педагогика сериясы. – 2024. – № 3. – 101-109 б.
19. **Жумашева, С.С.** Влияние нейросетей ChatGPT, Midjourney на качество профессиональной подготовки будущего педагога в условиях исследовательского университета [Текст] / А. А. Битлеуов // *Вестник КазНПУ имени Абая. Серия: Педагогические науки*. – 2024. – Т. 84. – № 4. – С. 138-150.
20. **Давлетова, А.** Білім берудегі жасанды интеллект қолданудың артықшылықтары мен кемшіліктері [Текст] // «Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым Академиясы» хабаршысы, Физика-математика сериясы. – 2024. – № 1. – 99-109 б.
21. **Салғараева, Г.И.** Болашақ информатика мұғалімдерін жасанды интеллект негіздері бойынша даярлаудың әдістемелік жүйесі [Текст] / Жумабаева, Ұ. Б. // *Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Хабаршысы, «Физика-математика ғылымдары» сериясы*. – 2020. – Т. 72. – № 4. – 138-150 б.

References

1. **Adeshola, I.** The opportunities and challenges of ChatGPT in education [Text] / A. P. Adepoju // *Interactive Learning Environments*. – 2024. – T. 32. – № 10. – P. 6159-6172. <https://doi.org/10.1080/10494820.2023.2253858>
2. **Memarian, B.** ChatGPT in education: Methods, potentials, and limitations [Text] / T. Doleck // *Computers in Human Behavior: Artificial Humans*. – 2023. – T. 1. – № 2. – P. 100022. <https://doi.org/10.1016/j.chbah.2023.100022>
3. **Rahman, M.M.** ChatGPT for education and research: Opportunities, threats, and strategies [Text] / Y. Watanobe // *Applied sciences*. – 2023. – T. 13. – № 9. – P. 5783.
4. **Hao, Y.** The application and challenges of ChatGPT in educational transformation: New demands for teachers' roles [Text] // *Heliyon*. – 2024. – T. 10. – № 2. – P. e24289. <https://doi.org/10.1016/j.heliyon.2024.e24289>
5. **Li, L.** ChatGPT in education: A discourse analysis of worries and concerns on social media [Text] / Z. Ma, L. Fan, S. Lee, H. Yu, L. Hemphill // *Education and Information Technologies*. – 2024. – T. 29. – № 9. – P. 10729-10762. <https://doi.org/10.1007/s10639-023-12256-9>
6. **Garkusha, N.S.** Pedagogicheskie vozmozhnosti ChatGPT dlya razvitiya kognitivnoj aktivnosti studentov [Pedagogical Potential of ChatGPT for Developing Students' Cognitive Activity] [Text] / Yu. S. Gorodova // *Professional'noe obrazovanie i rynok truda*. – 2023. – T. 11. – № 1 (52). – P. 6-23.
7. **Duha, M.S.U.** ChatGPT in education: an opportunity or a challenge for the future? [Text] // *TechTrends*. – 2023. – T. 67. – № 3. – P. 402-403. <https://doi.org/10.1007/s11528-023-00844-y>
8. **Chang, C.H.** The rise of generative artificial intelligence (AI) language models-challenges and opportunities for geographical and environmental education [Text] / G. Kidman // *International Research in Geographical and Environmental Education*. – 2023. – T. 32. – № 2. – C. 85-89. <https://doi.org/10.1080/10382046.2023.2194036>
9. **Iqbal, N.** Exploring teachers' attitudes towards using ChatGPT [Text] / H. Ahmed, K. A. Azhar // *Global Journal for Management and Administrative Sciences*. – 2022. – T. 3. – № 4. – P. 97-111. <https://doi.org/10.46568/gjmas.v3i4.163>
10. **Grassini, S.** Shaping the future of education: Exploring the potential and consequences of AI and ChatGPT in educational settings [Text] // *Education sciences*. – 2023. – T. 13. – № 7. – P. 692. <https://doi.org/10.3390/educsci13070692>
11. **Alshahrani, A.** The impact of ChatGPT on blended learning: Current trends and future research directions [Text] // *International Journal of Data and Network Science*. – 2023. – T. 7. – № 4. – P. 2029-2040. <https://doi.org/10.5267/j.ijdns.2023.6.010>
12. **Wilby, R.L.** AI literacy in geographic education and research: Capabilities, caveats, and criticality [Text] / Esson J. // *The Geographical Journal*. – 2024. – T. 190. – № 1. – C. e12548. <https://doi.org/10.1111/geoj.12548>
13. **Karaman, M.R.** Are Lesson Plans Created by ChatGPT More Effective? An Experimental Study [Text] // *International Journal of Technology in Education*. – 2024. – T. 7. – № 1. – P. 107-127. <https://doi.org/10.46328/ijte.607>. [Google Scholar]
14. **Batista, J.** Generative AI and higher education: Trends, challenges, and future directions from a systematic literature review [Text] / A. Mesquita, G. Carnaz // *Information*. – 2024. – T. 15. – № 11. – P. 676. <https://doi.org/10.3390/info15110676>
15. **Kapustina, L.V.** ChatGPT i obrazovanie: vechnoe protivostoyanie ili vozmozhnoe sotrudnichestvo? [ChatGPT and education: eternal confrontation or potential collaboration?] [Text] / Yu. D. Ermakova, T. V. Kalyuzhnaya // *Koncept [Concept]*. – 2023. – № 10. – P. 119-132.
16. **Konstantinova, L.V.** Generativnyj iskusstvennyj intellekt v obrazovanii: diskussii i prognozy [Generative artificial intelligence in education: discussions and predictions] [Text] / V. V. Vorozhihin, A. M. Petrov, E. S. Titova, D. A. Shtyhno // *Otkrytoe obrazovanie*. – 2023. – T. 27. – № 2. – P. 36-48.
17. **Karataeva, T.** Rol' uchitelya kak mentora v smeshannom obuchenii mladshih shkol'nikov s integraciej CHATGPT [The Role of the Teacher as a Mentor in Blended Learning for Primary School Students with CHATGPT Integration] [Text] / G. Aspanova, E. Bazhenova // *Vestnik KazNU. Seriya pedagogicheskaya*. – 2024. – T. 81. – № 4. – P. 97-108.
18. **Izmagambetova, R.** ChatGPT integrasiyası: bilim beru qosymshasyına jan-jaqty şolu [ChatGPT integration: a comprehensive review of its educational application] [Text] // «Qazaqstan Respublikasy Ұлттық Ғылым Академиясы» habarşysy, Pedagogika seriasy. – 2024. – № 3. – 101-109 p.
19. **Zhumasheva, S.S.** Vliyanie nejrosetej ChatGPT, Midjourney na kachestvo professional'noj podgotovki budushchego pedagoga v usloviyah issledovatel'skogo universiteta [The Impact of ChatGPT and Midjourney Neural Networks on the Quality of Professional Training of Future Teachers in a Research University] [Text] / A.A. Bitleuov // *Vestnik KazNPU imeni Abaya. Seriya: Pedagogicheskie nauki*. – 2024. – T. 84. – № 4. – P. 138-150.
20. **Davletova, A.** Bilim berudegi jasandy intellekti qoldanudyń artyqshylyqtary men kemshilikterı [Advantages and disadvantages of using artificial intelligence in education] [Text] // «Qazaqstan Respublikasy Ұлттық Ғылым Академиясы» habarşysy, Fizika-matematika seriasy. – 2024. – № 1. – 99-109 p.
21. **Salgaraeva, G.I.** Bolaşaq informatika mūǵalımdırın jasandy intellekt negizderi boıynsha daıarlaudyń ádistemelik júiesi [Methodological system for training future informatics teachers in the fundamentals of artificial intelligence] [Text] / Jumabaeva, Ü. B. // Abai atyndaǵy QazǰPU-nıń Habarşysy, «Fizika-matematika ǵylymdary» seriasy. – 2020. – T. 72. – № 4. – 138-150 p.

Объективная оценка преимуществ и проблем использования ChatGPT в преподавании географии городов

М.К. Нурбаева¹, А.М. Сергеева^{*2}, А.С. Нургазина³, Г.Ж. Шумакова⁴

¹КГУ «Актюбинский областной специализированный лицей-интернат для одаренных детей имени М. Кусаинова», г. Актобе, Республика Казахстан

²Актюбинский региональный университет имени К.Жубанова
г. Актобе, Республика Казахстан

³Жетысуский университет имени И. Жансугурова
г. Талдыкорган, Республика Казахстан

⁴Казахский национальный педагогический университет имени Абая
г. Алматы, Республика Казахстан



Аннотация. ChatGPT – это инструмент, способный быстро передавать информацию и поддерживать различные педагогические подходы. Искусственный интеллект предоставляет широкие возможности для облегчения доступа к образовательной информации и повышения интереса учащихся к предмету. ChatGPT помогает создать учебные материалы, анализировать данные и задания, делая процесс обучения интерактивным и эффективным. Наряду с многочисленными преимуществами существуют и проблемы, влияющие на качество образования. В данном исследовании основное внимание уделяется преимуществам, недостаткам и влиянию ChatGPT на задачи городского обучения. Опрос проводился среди 306 респондентов из нескольких городов и районов Казахстана. В опросе приняли участие учителя географии. Результаты показали, что ChatGPT облегчает доступ к информации, поддерживает образовательные консультации и помогает в планировании задач. В то же время были выявлены недостатки, такие как влияние на академическую честность и снижение автономии учащихся, что влияет на развитие навыков анализа, рассуждения и критического мышления. Чрезмерное использование этого инструмента также снижает ценность поставленных задач, таких как синтезы, эссе и упражнения по географии, делая их неэффективными для обучения. К основным проблемам, связанным с использованием ChatGPT, относятся риск предоставления устаревших или неверных данных, игнорирование местного контекста, снижение критического мышления учащихся и потенциальные этические проблемы, связанные с плагиатом. В статье представлены методы исследования, включающие опросы, интервью и анализ учебных материалов для объективной оценки роли ChatGPT в процессе обучения.



Ключевые слова: искусственный интеллект, ChatGPT, цифровое образование, преподавание географии городов, критическое мышление.

Objective assessment of the advantages and challenges of using ChatGPT in teaching urban geography

M.K. Nurbayeva¹, A.M. Sergeyeva^{*2}, A.S. Nurgazina³, G.Zh. Shumakova⁴

¹Aktobe regional specialized boarding school for gifted children named after M. Kusainova, Aktobe, Kazakhstan

²K. Zhubanov Aktobe regional university, Aktobe, Kazakhstan

³Zhetysu university named after I. Zhansugurov, Taldykorgan, Kazakhstan

⁴Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan



Abstract: ChatGPT is a tool that enables the rapid transmission of information and supports various pedagogical approaches. The objective of this study is to analyze the opportunities and limitations of using ChatGPT in the teaching of urban geography, taking into account the perspectives of geography teachers. The primary research questions include identifying the benefits and challenges associated with the integration of ChatGPT into the educational process, as well as assessing its impact on academic integrity, the development of critical thinking, and student autonomy. To achieve the research objectives, a survey was conducted among 306 geography teachers from various cities and regions of Kazakhstan, along with a focus group study involving 20 secondary school teachers from the Aktobe region. The findings indicate that ChatGPT facilitates access to information, supports educational consultations, assists in lesson planning, and enhances personalized learning. However, several significant limitations were also identified, including concerns regarding academic integrity, the reduction of student autonomy, insufficient depth of content analysis, and the risk of providing outdated or inaccurate information. Excessive reliance on this tool may weaken students' cognitive engagement, diminish the value of analytical tasks, and lead to dependency on automated solutions. In conclusion, the study emphasizes the necessity of integrating digital technologies with traditional teaching methods to maximize the effectiveness of ChatGPT in urban geography education. Particular attention should be given to fostering digital literacy among both students and educators, developing critical information analysis skills, and formulating methodological guidelines for the responsible implementation of AI in the educational process.



Keywords: artificial intelligence, ChatGPT, digital education, teaching geography of cities, critical thinking.

Материал баспаға 12.01.2025 келіп түсті.